

Білім ордасында

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жоғарғы оқу орындар жүйесінің көшбасшысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – білім саласы мен ғылым жұмыстарда тәжірибесі мол өзіндік салт-дәстүрімен ерекшеленетін бірден-бір жоғары оқу орны. Қазақ ұлттық университеті Қазақстан ЖОО Басты рейтингісі бойынша көшбасшы болып отыр. Халықаралық QS World University Rankings рейтингінде университет биыл 236-орыннан көрінді, әлемнің 250 үздік университеті қатарына енді. Айта кетеріміз, бұл топқа ТМД елдерінен екі ЖОО – Ломоносов атындағы ММУ мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғана кірді. Осылайша жетекші қазақстандық университет Орталық Азия мен ТМД елдеріндегі теңдессіз көшбасшылығын тағы да дәлелдеді. Университет жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім жетекшілікте интеграциялауға, өндіріске енгізілетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдегі білім, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық негізгіне ие.

Соңғы ішінде, тарих, археология және этнология факультеті - отандық және шетелдік тарих, археология және этнология, мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау, мұрағаттану саласында еліміздегі жоғары білікті мамандарды даярлайтын орталық. Факультет түлектері жоғарыда аталған салалар бойынша кең ауқымды білім алып қана қоймай, шет елдерін мектеуге отырып, білім алу барысындағы кең ғылыми байланыстарды орнату арқылы болшақта қызықты және сұранымға ие жұмыс табуға мүмкіндік алады.

Факультет қабырғасында Омарбеков Талас Омарбекулы, Қарахан Қуанышбек Сүлейменұлы, Төлеубаев Абдеш Ташкенұлы, Елеуов Мадияр Елеуұлы, Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы, Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы және т.б. сынды көптеген тарих ғылымына еңбегі сіңген танымал ғалымдар, профессорлар, ҚР ҰҒА құрметті мүшелері, мен корреспондент-мүшелері еңбек етуде.

Факультетте маман даярлау Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, деректану және тарихнама, Археология, этнология және музология кафедралары негізінде жүзеге асып отыр. ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, профессор Берекет Кәрібаев басқарып отырған Қазақстан тарихы кафедрасының басымдылығы - тарихи мұраны зерделеу, Отан тарихының өзекті мәселелерін зерттеудегі жаңа теориялық-методологиялық тұжырымдар мен тарих ғылымдарының әдіснамасын, парадигмаларын қалыптастыру, қазіргі заманғы гуманитарлық ғылым саласындағы қағидаларды және әлеуметтік ғылымдардың ізденісте ұстанымдарын қолдана білетін, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Кафедрадағы ғылым және білім беру үдерісіндегі осы дәстүрді жаңа танымал тарихшылар бұны сақтап, жалғастыруда. Кафедрада 12 ғылым докторлары, 16 ғылым кандидаттары еңбек етуде. 1958 жылы құрылған кафедраны 1966 жылға дейін басқарған, оны ұйымдастырушы ірі тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент мүшесі, 2015 жылы 100 жылдық мерейтойы тойланып өткен Ермұхан Бекмаханов болды.

Қазіргі таңда кафедра Қазақстанның жоғарғы білім беру ісі мен ғылым саласындағы заманауи үдерістерге өз үлесін қосуда. Мұнда білім берудің, ғылым мен инновациялық қызметтің тиімді нақалдастығы негізінде, қазіргі қоғамдағы зияткерлік орта сұранысын қанағаттандыратын кәсіби мамандарды даярлау белсенді түрде қолға алынуда.

Бүгінде кафедра Түркия, Жапония, Қытай, Германия, Польша және т.б. мемлекеттердің алдыңғы қатар жоғарғы оқу орындарымен тығыз байланыс орната отырып, білім алушы жастардың аталған университеттерден біліктілігін арттырып, қосымша академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алуға мүмкіндік жасап отыр. Кафедра жанынан Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми зерттеу Орталығы ғылыми бағыттағы ізденістердің артуына мол ықпал етуде. Осы негізде, кафедрада маманданатын студенттер мен магистранттар ғылыми жобаларға қатысып, өз ізденістерін республикалық және шетелдік басылым беттерінде жариялауға мүмкіндік алып отыр.

Соңымен қатар Қазақстан тарихы кафедрасы жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде де көптеген игі істерді қолға алып отыр. Әсіресе 2016 жылдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы, Алаш ардагері Әліхан Бөкейхановтың туылғанына 150 жылдық мерейтойлары аясында көптеген шаралар өткізіп, жастарға өнегелі бағыт беруде.

Ақжамал Уразбаева, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты
Құралай Арыстанбекова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

Руханият

Ақ жаулықты әжелер халыққа ән шашу жолдады

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына Қызыл әскер ауылдық мәдениет үйінде тағы да тарту өткізілді. Мәдениет үйінде көпшіліктің назарын аударған «Ақ әжелер» әншілер тобының «Мәңгілік ел мекені» атты концерттік бағдарламасы болып өтті. Мерекені ауыл әкімінің орынбасары А.Байдаулов, мәдениет үйінің директоры С.Утебаев құттықтау сөзбен ашып берді. Концертке 70-ке жуық көрермен қатысты. Жиналған халық әжелердің өнеріне тәнті болып, өз ризашылықтарын білдірді. Бұл топтың жетекшісі Қарсағұл Нұрбекова елге жасаған қызметі еленіп, жуыра Елбасының өзі бекіткен «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды. Осындай өнер жолын қуып отырған «Ақ әжелер» тобының концерттік бағдарламасын көрермен назарына ұсынып отырмыз.

«Ақ әжелер» әншілер тобының концерттік бағдарламасы:

| № | Әншілердің аты-жөні | Орыдалған әндер |
|----|------------------------------|---|
| 1 | Хор | 1. "Қазақтың ел қайда?" 2. "Айналым енім". "Бұқынды жүрек". |
| 2 | Балқаш әже | |
| 3 | Нұржан және Тұрсынбай әжелер | "Бейуайдай". |
| 4 | Зура әже | "Еділ мен Жайық". |
| 5 | Шарапат әже | "Сарыарқа". |
| 6 | Дидя және Қарсағұл әжелер | "Ой! Жалған". |
| 7 | Айзада әже | "Қайдағыңдар достарым". |
| 8 | Нәзира апа | "Ерке сыйлым". |
| 9 | Тұрсынбай әже | "Анашым". |
| 10 | Нұржан және | "Ақ толғай". |
| 11 | Сәуле қыз | "Бол жанымда". |
| 12 | Хор | "Ауылдың сенің іргелі". |

Міне, ел ризашылығына бөленіп, халыққа қызмет етуден шаршамаған ақ жаулықты әжелеріміздің дендеріне саулық, отбасыларына амандық тілейміз. Әншілер тобының халыққа жолдайтын сәлемдері ешқандай таусылмай, жаңғыра берсін.

Ләззат Шүрмен,

Қызыл әскер ауылдық мәдениет үйінің әдіскері

Қоғам

Ақша шақыратын ырымдарды білесіз бе?

Қай ұлттың ырым-жоралғыларын алсаң да ақшаға деген ерекше қатынасы байқайсыз. Барлығында да бір мақсат - ақша тапшылығын көрмеу, оны керісінше - көбеюі. Ақшаның сиқырлы күші немесе энергетикалық қасиеті бар екендігі жайында соңғы кездері көп айтылып жүр. Қолыңызда миллион теңге тұрып, одан ешқандай пайда көре алмауыңыз да мүмкін, керісінше он мың теңге бүкіл байлықтың негізі болып жататын әсерлері де аз емес. Ақшаға байланысты ырымдарды сіз де жасап көріңіз, бәлкім сіздің де қалтаңыз қалыңдар... Ақшаны ешқандай үстел үстіне қоюға болмайды. Сонымен қатар, кілтті, машинаның кілтін үстелдің үстіне қоюға болмайды. Бұл ырымның жоралғысы - машинаның кілтін қойсаңыз, айдап кетеді, үйдің кілтін қойсаңыз ұрпап кетеді. Дастарханның үстін қармыз сыйлауға болмайды, міндетті түрде шүберекпен, әрі қанжыққа қоюға емес, ыдысқа салу қажет. Ұдайы жасап көріңіз, әрі қаржылық жағдайыңызды өзгертіңіз де бақылауды ұмытпаңыз. Күн батқанын кейін ақша санамауға тырысыңыз.



Егер санауға тура келсе біреуге жасатқаныңыз жөн. Егер сіз сатушы болсаңыз, ақшаны қолма-қол алып, ал қайтарарда үстел үстіне қойғаныңыз жөн. Бай, қалталы адамдардан қолма-қол ақша алуға тырысыңыз. Көп жағдайда үйде бос шыны ыдыстары - банка, жәшіктер тұрып қалады. Бұлар - "жара үңгірлер" үйге келген кірістің бәрін тартып кетеді. Егер сіз бос ыдыстарды тастауға шаманың келмесе ішіне міндетті түрде бірнеше дән немесе тыңшар тастаңыз. Үстел үстіне бос шыны қоймау да осыдан шыққан. Жаңа ай туанда басшыңызды іні сәлем беріп, сосын ақша немесе алтын, күміс көрсетіп: "Жаңа ай қалай өсіп келе жатса, маған сондай ақша келсін" деп айту керек. Сөйсенбі күні қарыз сурудан аулақ болыңыз, кем дегенде бір ай бойы қарызға жүрсең деген ұғым бар. Әуақытта ақшаныңызды өміяңді ұстатыңыз. Ақша қалтанызда қалай болса, солай шынылып жатса кіріп кірмейді. Яғни, бұл ақшаның да өзің баптамайтын жерге барғаны келмейтіндігімен түсіндіріледі. Әминыңызды жыртылмаған, әрі таза терлерден тигізілген болуы керек.

Сонымен қатар өміяңге ақшаларды рет-ретімен және де мықымдай салғаныңыз абзал. Әминыңызда доллар болмаса тұрмар ретінде ескі тиын салып жүріңіз. Келесі ақшаны шақыратын болады. Қалай да болса қолдан келерлік ережелер... Устансақ мүмкін біздің де қалтамыз қалыңдар. Не дегенмен қазір көп нәрсе ақшаға келіп тірелуі - ақиқат.

Бақ.кз

Сұрақ-жауап

Білгеніңіз дұрыс



Біздің оқырмандарымыздың сұрақтарына Сарыаған аудандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасы Әкімбай Тастанбеков жауап береді.

1. Егер мұғалім «Тарих мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білімі болса тұра бастауып сыныпқа сабақ берсе, ешбақы тәуелсіздік жаңа жүйесі бойынша ешбақыны қалай есептеу керек?

Мұғалімдерді сәйкес тілшілік топқа жатқызғу «Педагог қызметкерлер мен оларға тәуелсіздіктен тұрғандардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрінің 13.07.2009 жылы №338 бұйрығымен бекітілген үлгілік біліктілік сипаттамасының негізінде жүзеге асырылады.

«Барлық мамандық мұғалімдері» лауазымы бойынша үлгілік біліктілік сипаттамасымен біліктілігі жоғары деңгейдегі санат жоқ мұғалімнің сәйкес мамандық бойынша білімі болуы тиіс деген талап бекітілді. Біліктілік деңгейі жоғары, бірінші, екінші санатты мұғалімдер үшін мамандығын көрсетпестен жоғары педагогикалық білім болуы тиіс деген біліктілік талабы қойылды.

Осылайша, мұғалімнің лауазымы бойынша біліктілік санаты болғанда ол ешбақысыз біліктілік деңгейі жоғары маман ретінде есептеуді талап етуге құқылы.

2. 24.02.2014 жылы менің және жұмыс берушінің арасында 2 жылға ешбек шартына қол қойылды. Мерзімі өткеннен кейін жұмыс беруші оны белгілі мерзімге дейін ұзартуға алады. 2016 жылы енгізілген өзгерістерге байланысты ол оны 1 жылға ұзартты, нәтижесінде белгілі мерзімге дейін ұзартуға сөз берді. Жұмыс берушінің әрекеті дұрыс па?

ЕК-нің 30-б. 1-т. 2) тармағына сәйкес бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалған ешбек шартының мерзімін ұзартудың саны екі реттен аспайды.

Сіздің айтуыңызша, бастапқыда сізбен 2014 жылғы 24 ақпанға дейін екі жылға ешбек шарты жасалды. Аталған ешбек шартының мерзімі өткеннен кейін ол бір жылдан кем емес белгілі мерзімге дейін ұзартуға алады.

Аталған жағдайда жұмыс берушінің әрекеті дұрыс, себебі ешбек шартының мерзімі өткен кезде жаңа Ешбек кодексі күшіне енді, ол белгілі мерзімге дейін ешбек шартын ұзартуға жол бермейді.